

**"Сұйытылған мұнай газын Қазақстан Республикасының ішкі нарығына сұйытылған мұнай газын беру жоспары шеңберінде тауар биржаларынан тыс көтерме саудада өткізудің шекті бағасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2024 жылғы 25 желтоқсандағы № 487 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2025 жылғы 29 қаңтардағы № 46-н/к бұйрығы

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы бұйрық 01.02. 2025 ж. бастап қолданысқа енгізіледі**

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Сұйытылған мұнай газын Қазақстан Республикасының ішкі нарығына сұйытылған мұнай газын беру жоспары шеңберінде тауар биржаларынан тыс көтерме саудада өткізудің шекті бағасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2024 жылғы 25 желтоқсандағы № 487 бұйрығына мынадай өзгеріс енгізілсін:

1 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Сұйытылған мұнай газын Қазақстан Республикасының ішкі нарығына сұйытылған мұнай газын беру жоспары шеңберінде тауар биржаларынан тыс көтерме саудада өткізудің 2025 жылғы 1 ақпаннан 2025 жылғы 30 маусымды қоса алған кезеңге шекті бағасы, қосылған құн салығын есепке алмағанда, бір тоннасы үшін 51 932 (елу бір мың тоғыз жүз отыз екі) теңге мөлшерінде бекітілсін."

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Газ өнеркәсібі департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмелерін ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрыққа қол қойылғаннан кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалғаны туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2025 жылғы 1 ақпаннан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрі*

*А. Саткалиев*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК